


# Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



## Еліше, Кереметтер жасаушы адам



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Lazarus  
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy


Шығарушы: Bible for Children  
[www.M1914.org](http://www.M1914.org)

©2023 Bible for Children, Inc.  
Лицензия: сатуға тым салынған, көшірме жасауға  
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Соқаны тасуға  
өгіздер жетіспеді.

Тағы біреу керек болатын.  
Бірақ бұл Еліше есімді жас  
шаруа жігітті тоқтата алмады!  
Ол жоқ өгіздің орнына өзі  
тұрып, өгіздермен қатар  
жұмыс істеді. Шамасы ол  
күшті, ақылды және  
еңбекқор адам  
болса керек.






Еліше жер жыртып жүргенде, Құдайдың пайғамбары Ілияс оның қасынан өтіп бара жатып оны шақырды. Жас жігіт Құдайдың қызметшісі болу үшін өзінің шаруашылығын тастап кетті. Бірде Құдай Ілиясты құйынмен көкке

көтеріп алып кетті. Міне, осылайша Еліше Исраил үшін Құдайдың пайғамбары болды.

3



Ілиястың кетіп қалғанына Еліше мұңайса да, ол Құдайдан Ілиястың күшіндей күш беруін сұрап мінажат етті. Еліше Ілиястың шапанын алып, онымен Ілияс істегендей су бетін ұрды.


Су қақ жарылды! Енді Еліше Құдайдың өзімен бірге екеніне сенді.

4



Еліше Бетел қаласына бара жатқан кезде, бір топ жасөспірім оны күліп мазақтады: «Жоғары көтеріл, тақырбас!» Еліше Құдайдың қызметшісі екені оларға бәрібір болды. Олармен болған жайт естен тандырарлықтай. Екі кірекей орманнан шыға келіп, қырық екі жасөспірімді жарып тастады.


5



Бірде Еліше қарызын өтей алмаған жесірді кезіктірді.


Қарызын қайтарып алу үшін қарыз беруші адам оның екі ұлын құлдыққа алмақ болды. «Бар да көршілеріңнен ыдыс сұрап ал... бос ыдыстар», – деді Еліше. Бұл әйел үшін Құдай бірдеңе істемек болды.

6



Жесір әйелдің үйінде кішкентай құмырада май болған. Бірақ ол осы кішкентай ыдыстан барлық ыдыстарды толтыру үшін жеткілікті май құйып алды! Егер сол кезде оларда ванна болса, қалай ойлайсыз, Құдай оларды да толтырар ма еді? Жесір әйел майды сатып, өзінің ұлдарын құтқарып алды.

7



Басқа бір әйел мен оның күйеуі Еліше сол жермен өтіп бара жатқанда тоқтай алу үшін өз үйлерінде арнайы бөлме салды. Бөлмеге төсек, үстел, орындық пен шам қойды. Бұл бөлме әрдайым Еліше үшін сақталып дайын тұрды.

8

Еліше бұл ерлі-зайыптыға жақсылықтарын қалай қайтара алатынын ойлады. Олардың балалары жоқ екенін білген кезде, ол сол әйел әрең сенген бір нәрсе айтты. «Шамамен келесі жылы осы уақытта сенің балаң дүниеге келеді». Шынымен де бір жыл өткен соң, дүниеге бала келді.



9

Дәл сол бала бірнеше жылдан кейін өзінің әкесімен бірге егістікте болды. «Менің басым, менің басым», – деп айғайлады бала. Баланы анасына алып келген кезде, ол оның тізесінде түске дейін отырып сосын өліп қалды. Шешесі баланы Елішенің бөлмесіндегі

төсекке жатқызды. Қалай ойлайсыз, кім оған көмектесе алар еді?




10

Сен Еліше дедің бе? Дәл солай! Әйел есекті ерттеп алып, оны іздеуге аттанып кетті. Еліше оның үйіне келді де, жоғарыға өзі жалғыз көтеріліп, Жаратқан Иеге сиынды. Құдай баланы өмірге қайтарып әкелді.

Еліше әйелді шақырып оған: «Өзіңнің баланды ал», – деді. Ол

қуанып бақытты болған шығар!



11

Көрші Сирия жерінде Нағыман атты қолбасшы тұрды. Ол батыр әрі күшті болды, бірақ оның денесінде алапес деп аталатын тері ауруы болды.




12

Нағыманның әйелінің Исраил жерінен тұтқынға түскен қызметші қызы бар еді. Сол кішкентай қыз: «Егер Нағыман Исраилдегі пайғамбармен кездесе ғой! Өйткені ол оны алапесінен сауықтырады», – деді.




13

Нағыман пайғамбармен кездесуге бірден аттанды. Ол сыйлыққа беру үшін күміс, алтын мен әдемі киімдер алды.




14




Елішенің қызметшісі шығып: «Бар да, Иордан өзенінде жеті рет шомыл, сонда сен таза боласын», – деді. Нағыман ашуланып кетті. Ол өзінің жері Сириядағы таза әрі тұщы суларда шомыла алмас па еді? Ренжіген Нағыман кері бұрылып үйіне беттеді.

15



Нағыманның бақытына орай оның қызметшілері оны Елішенің бұйрығына бағынуға көндірді. Содан Нағыман барып, Иордан өзеніне жеті рет шомылды. Сөйтіп алапес Нағыман сауығып кетті. Сол кезде Нағыман өзін алапестен сауықтырған шынайы Жаратқан Ие Құдайға, Елішенің Құдайына

16



Құдай өзінің қызметшісі Елішені ол қайтыс болғаннан кейін де пайдаланды. Бір күні осыған дейін көп уақыт бұрын жерленген Елішенің сүйегі жатқан үңгірге бір адам жерленді. Сол адамның мәйіті пайғамбардың сүйегіне тиіп кеткен кезде, ол тіріліп аяғынан тік тұрды. Құдай Өзінің құдіретті күшін Өзінің сенімді қызметкері Еліше арқылы көрсетті.

17

Еліше, Кереметтер жасаушы адам

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

2 Патшалық 2-13

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."  
Забур 119:130

18



25

60 19

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

20